Ұшар

(Болған оқиға)

Бұл әңгімені әкем Мұрсал жиі айтып отыратын. Ол кісі әңгімешіл еді. Сондай бір толғаныспен айтатын. Жағалай тыңдап отырғандар көзіне жас алып жылап алатын. Бұл жағдай сонау соғыс жылдарында болған. Әкемнің Ұшар атты тазысы болған. Марқұм әкей 1942 жылы соғысқа аттанады. Ол жылдарда Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы деп аталады. Аудан орталығы Аюлы тауының іргесінде орналасқан. Біздің ауыл ауданнан 40 шақырым жерде қазіргі Кеншоқы ауылы, бұрын «Сталин колхозы деп аталған. Әкей марқұм соғысқа аттанар алдында Ұшарды алып аңға шықтым дейді. Қанжығам майланып 3-4 түлкі алдым деп отыратын. Әкем соғысқа аттанарда шешем Тілеулеске Ұшарды қатты тапсырған екен. Тамағын уақытында бер, үйге кіргізіп жылы жерге жатқыз, мына соғыстан аман келем бе, келмеймін бе, оны бір Алла біледі деп, халқымен қош айтысып, соғысқа кете барған. Аудан орталығында әкейдің Бәтима атты апасы тұрған. Жолдасы Айдархан ішкі істер органында жұмыс істеген екен. Соғыс уақытында милиция қызметкерлерінің жұмысы өте ауыр болған. Соғыстан қашқан қашқындар, ұрылар көп болғандықтан Айдархан жездеміз кезекшілікке жиі кетеді екен. Бір күні Айдархан жездеміз кезекшілікке түнгі жұмысқа кетеді. Үйде Бәтима апамыз жалғыз қалады. Бұл 1944-жылдың көктем айы болса керек. Түнгі үштердің шамасы, үйдің төбесінде біреулер жүргендей болады. Апай ұйқылы ояу жатса керек, тыңтыңдай қалады. Мұржаның түбін қазғандай болады. Ол уақытта үйдің шатыры жоқ болатын. Апамыз қорыққаннан қалтырап кетеді. Далаға шығуға дәрмен жоқ. Таң атқанша көз ілмейді. Таңертең Айдархан жездеміз жұмыстан келеді. Бәтима апамыздың түрі бозарып кеткен, көзі қызарып ұйықтамаған сықылды. Түрін көріп жездеміз қорқып кетеді.

- Саған не болған? Ауырғаннан саумысың? Өңің қашып кетіпті ғой, айтшы не болғанын?, - деп жездеміз біраз дегбірленіп қалады.

Бәтима апамыз болған жағдайды айтып береді. Жездеміз таңырқап:

- Бұл не жағдай? Егер де бізге қастық қылған адамдар болса төбеде несі бар? Ана терезені сындырып ішке кірмей ме? Бұл жағдайды түсіну үшін жездеміз үйдің төбесіне шығады. Пештің мұржасының жанжағын бір мақұлық қазып тастаған екен. Бұл не болғаны? Мұржаның түбінен не алмақшы?

Анықтап қараса иттің ізін көреді. Жездеміз не болғанын түсінбей, болған жағдайды Бәтима апамызға айтып береді. Ит пе, қасқыр ма? Ізі осыларға ұқсас дейді. Кешке Айдархан жездеміз үйге қонады. Бірақ түнгі 2-3-тің шамасында төбеде біреулер жүргендей болады. Дүңкілдетіп, тырмалайтын сықылды. Екеуі тың-тыңдап жатады. Әлден уақытта жездеміз орнынан тұрып қолына мылтығын алып, не болса да мен байқап келейін деп ақырындап далаға шығады. Бір басып, екі басып сатымен төбеге шығады. Мұржаның түбін қазып жатқан итке ұқсайды. Дыбыс беріп кет деп қалады. Ит үйден секіріп түсіп, Аюлы тауына қарай жөнеледі. Жездеміздің көзіне Ұшар сықылды елестетіп кетеді. Үйге кеп көргенін Бәтима апамызға:

- Ит секіріп жөнелгенде Ұшарға ұқсас екенін байқап қалдым. Апамыз:

- Қой басқа ит болар, Ұшар сонау Сталин колхозынан мұнда несі бар, әнеукүні Тілеулес Ұшардың халі жақсы, жатын орны жылы деген. Мұрсал тапсырып кетті емес пе? Аманатын орындауым керек қой. Екеуі болған жағдайға түсінбей, ұйықтамай таңды көзімен атқарады. Бір мәмілеге келе алмайды. Ұшар болмай басқа ит болса сонда үйдің төбесіне шығып, мұржаның жан-жағын қазғаны несі? Екеуі түсінбей қалады. Бұл оқиға 1944-ші жылдың көктемінде болса керек. Содан кейін 2-3 күн өткен соң ит көрінбей кетеді. Ол жылдарда облыс орталығы Қарағанды мен Шет ауданының арасында асфальт жол болмаған. Қатынау қиын болған. Аудан керек жарағын 80 шақырым Жарық станциясынан тасиды екен. Машина жоқ жазда ат арба, қыста ат шанамен қатынайды. Әкей марқұм жараланып, соғыстан қайтады. Жарық станциясына түнде түсіп, өзі білетін крешілердің жататын тұрағына тартады. Жолда ойлап келеді мына крешілер бүгін келсе жақсы болар еді. Солармен ауылға жетіп қалатын. Крешілер жататын барраққа қалай келіп қалғанын білмей қалады. Ішке кірсе бәрі таныс адамдар. Әкейді көріп орындарынан ұшып түрегеледі. Кезек-кезек амандасып, көріседі. Айтатындары өңіміз бе түсіміз бе Мұрсал-ау, сені аманесен көрдік қой деп, көздеріне қайта-қайта жас алады. Бұлардың да біреуінің баласы, енді біреуінің әкесі қаза тапқан. Бұлар да шерменде еді. Мұрсал жақсы келдің, таңертең жүгімізді аламыз, ауданға жүреміз, жатып демал деді. Ертеңінде 5-6 арба аудан орталығына жолға шықты. Түс ауа аудан орталығына таяп қалады. Кенет Аюлы тауынан төмен қарай бір қарайған заулап келе жатыр. Арбадағылар тоқтай қалады. Бәрінің көзі қарайғанда, кенет біреуі айғай салып, анау жынданған қасқыр бәрімізге қауіпті. Мылтықтарыңды дайындаңдар, жақындағанда атамыз дейді. Ол уақытта арба айдайтындарға бір-бір қару берген, өйткені қашқын ұрылар көп. Қарайған таяп қалады, әкей көз алмай қарап отырады. Кенет әкейдің көзіне қасқыр емес, Ұшар сықылды көрінеді. Әкей анықтай қараса Ұшардың дәл өзі екен. Арбадағылар мылтықтарын кезек атуға дайындалады. Сол кезде әкей бар даусымен айқай салып атпандар-атпандар бұл менің тазым деп оларды тежей тұрады. Бір екеуі күңкілдеп

- Мына Мұрсалдың есі ауысқан ба? Сенің тазың сонау Сталин колхозынан қалай келеді? Мұнда несі бар? Сенің келетініңді адам біз білмегенде, хайуан қайдан біледі дейді. Әнеміне дегенше Ұшар да таяп қалады. Беті әкейдің арбасы. Арбаға секіріп шығып, әкейді бас салады. Екі аяғын әкейдің екі иығына салып алған. Қыңсылап әкейдің екі бетінен кезек-кезек жалайды. Арбадағы 6-7 адамның бәрі мына көріністі, иттің қылығына таңғалып, тамашалап тұр. Осы тұрыспен жарты сағаттай уақыт өтеді. Ит әкейдің құшағынан айырылмайды. Ауыл жақын қалған еді. Арбакеш әкейді Бәтима апайдың үйінің қасына алып келеді. Арбакеш айқайлап:

- Бәтима, Бәтима бауырың келді, далаға шық, Мұрсал соғыстан келді. Сүйінші шық далаға деп айқай салады. Апай даусты естіп, сүріне-қабына далаға жүгіріп шығады. Есік алдында әкей мен Ұшардың құшақтасып тұрғанына көзі түседі. Не болғанына түсінбей тұрып қалады. Сыртта жүрген ауыл адамдары бұл тамашаны көріп, жиналып қалады. Әлден уақытта апайдың есі кіріп,

- Мұрсал сенсің бе? Тірі келдің бе? Көрісейін десе Ұшар құшақтап алған, бір адамға амандасуға, көрісуге мұрша бермейді. Ұшар әкейді екі аяғымен құшақтап, қыңсылап жібермейді. Ұшардың екі аяғын иығынан алып, басынан сипап, екі көзінде жас, қоя ғой Ұшар, қой енді, мына кісілерге амандасайын деп, оны жерге түсіреді. Иттің мына қылығына жыламаған адам қалмайды. Елдің көбісі шерменде емес пе? Соғыста біреуінің ұлы, біреуінің күйеуі, бауыры қайтыс болған. Бәтима аз да болса ойланып қалады. Ана күнгі мұржаның іргесін қазған Ұшар болды ғой. Бұл ит інімнің келетінін қайдан білген. Әр жағын апай түсінбейді. Кенет бір кемпір ернін сылп еткізіп, мына тұқымы құрғыр керман адам түгілі итті де жылатты ғой кемсеңдеп дауыс қойып, жылап жібереді.

Апай мен әкей ауыл адамдарымен жағалай көрісіп амандасып шығады. Бәтима апамыз тұрғандарға ішке кіріндер

бәрінде де, мына Мұрсал соғыстан жараланып соғыстан аманесен келді ғой. Кіріндер үйге дәм татындар. Ұшар әкейдің соңынан қалмай қоса кіреді. Тізесіне басын салып, қасында жатады. Әкейдің келгенін естіп Айдархан жездеміз де келеді. Әкеммен амандасып мауқын басқан соң, көзі Ұшарға түседі. Дегенмен ішкі істер органында жұмыс істейтін адам ғой, сонда бір жайға түсінгендей болады. Айдархан орынынан тұрып, кішкене тиышталыңыздар деп Ұшардың уақиғасын халыққа айтып береді. Отырғандар тымтырыс, болған жайға біреуі түсініп біреуі түсінбей қалады. Бәтима апамыз өксігін баса алмай, шіркін Ұшарда тіл жоқ қой, әйтпесе маған бәрін айтып бермей ма? Ақылды Ұшарым-ай. Сен мұржаны қазып, тұр неге жатырсың, інің келе жатыр деп ескерткенің екен ғой. Ол кезде Мұрсал Жарық станциясына келген күн. Одан кейінгі уақытта Ұшар Аюлы тауының басында қарауыл қарап жүрген ғой деп отырғандарға бар жайды айтып береді. Отырғандардың көзіне жас алмағаны жоқ. Шіркін итекеш ит те мынадай істеген, сонда біреуі тұрып Ұшар иесінің келе жатқанын қайдан білген. Сонау шақырым Сталин колхозынан ауданға келіп Бәтимаға хабарлаған, бұл қалай?

Ұшар басын әкейдің тізесіне салып, ұйқыға кеткендей. Бірнеше күн дамыл таппай қарауылда болған ғой. Содан әкей ауылға оралады. Үйге таяп қалғанда сыртта жүрген көршісі әкейді көре сала, шешейге хабарлауға үйге жүгіреді.

- Тілеулес, Тілеулес неге отырсың? Сүйінші Мұрсал келді, шық далаға. Шешей бұл сөзді естіп, үйде отырып қалады. Күйеуімнің бетіне қалай қараймын? Ұшарды жоғалтып алдым ғой. Маған кетерде ие бол, мына Ұшардың тамағын уақытында бер, қарыны ашпасын, жылы жерге жатқыз деген еді. Мен айтқандарынын бәрін орындадым. Бірақ Ұшар бір күнде жоқ болып кетті ғой. Мен кінәлі емеспін. Шешеміз кемсеңдеп жылап отырып қалады. Сол кезде сүйінші сұрай келген көршісі Тілеулес неге отырсың? неге шықпайсың? жүр, Мұрсал келді қасында Ұшар бар дегенде, шешеміз ана көршісіне жалт қарап, Ұшар бар дейсің бе деп қайта сұрайды

- Иә Ұшар бар, - дейді. О, сұмдық-ау Ұшар Мұрсалға қайдан кезіккен? Көршісі қолтықтап шешейді далаға алып шығады. Мұрсал мен Ұшар есік алдына таяп қалыпты. Шешей екеуін аман-есен көріп талып қалады. Қасындағы көршілері сүйей береді. Бұл арада ауыл адамдары да жиналып қалады. Амандық-саулық сұрасып, жылап көріскеннен кейін бәрі үйге кіреді. Шешей бәрін дастарханға қойып, осыған риза болыңдар. Сауып отырған жалғыз сиыр бар еді, өздерің білесіңдер колхоздың бастығы соқаға жегуге алып кетті ғой. Отырғандардың бәрінің басындағы жағдайы осы. Барымен базар дегендей, ауылдастар көңілденіп ән салып, бір жетісіп қалады. Кенет ауылдастардың бірі:

- Мұрсеке мына Тілеулес Ұшарды жоғалтып іздемеген жері жоқ. Жұмыстан да қалып, бастықтан да сөз естіді ғой. Бірақ Ұшарды таба алмады. Саған Ұшар қайдан кезікті, біз осыған түсінбей отырмыз?, деп, әкейге сұрақ қойды. Ауылдастардың бәрі осыны күткендей, бәрі әкейге қарайды. Әкей болған жағдайдың бәрін отырғандарға айтып берді. Ауылдастардың бәрінің көзіне жас алмағаны жоқ. О, сұмдық мына Ұшар соғыстан қайтып келе жатқаныңды қайдан білген? Пенде бізде келгеніңді бірақ білдік қой. Білсеңдер осы сұрақтың жауабын айтыңдаршы дегеніне, олар жауап бере алмайды.Осы оқиғаға 80-жылдай уақыт өтсе де, әкей де басқа адамдар да жауабын таба алмаған. Сонымен жаз өтіп, күз келеді. Колхозда жұмыс қарбалас. Ел егін, шөптерін жинап алған, алғашқы қар да жауады. Әкей Ұшарды ертіп аңға шығады. Ауылдың іргесінен шер бойындағы өзен ағатын еді, жағасы қалың тал болатын. Қоян, түлкі көп болатын. Ұшармен аңға шыққан сайын 3-4 қоян, түлкі әкелетін. Шешей қоянның бәрін қазанға салып, көрші-қоланды шақырып бөлісіп жейтін. Түлкіні ауылдастарына байлайтын. Сол қыста ауылдастары бір-бір тымақ, ішік кигендері де бар. Ұшарға бәрі риза болатын.

Бір күні үйге қонақ келді. Дүйсенбай деген әкеймен бірге өскен, қимас досы құрдасы екен. Ол кісі Сталин колхозынан 25-30 шақырымдай жерде Кежек колхозы болған. Кейіннен Ақтоғай ауданына қосылып, Ақши кеңшары болып құрылған. Дүйсенбай сонда тұратын. Әкейден кешірім сұрап, келгеніңді естіп жатырмын, бірақ колхоздың жұмысынан қолым тимей келе алмадым. Екеуі түнімен әңгіме-дүкен құрып, көңілді отырған. Таңертең Дүйсенбай қайтуға жинала бастайды. Әкей досының келгеніне ризашылығын білдіріп, рахмет айтады. Дүйсенбай отырып:

- Бір бұйымтайым бар.

- Айт бұйымтайыңды. Ол уақытта сұрай келген адамға үй иесі не сұраса да, беретін. Ұшарды қалап келдім. Әкей мұны күтпеген еді оны жаныңдай жақсы көретін еді. Қалай қисын ит болса да зерек жан досым ғой деп, әкей не жауап берерін білмей ойға шомып отырып қалады. Әлден уақытта:

- Жоқ, Дүйсенбай Ұшарды бере алмаймын. Жарайды Мұрсал ендеше мен қайтамын. Бұйымтайымды бермедің мен саған өкпеледім.Достығымызды бүгіннен бастап үзейік. Мен өлсем сен маған топырақ салма. Сен өлсең мен саған топырақ салмаймын, - деп кетуге ыңғайланады. Сонда әкей тұрып:

- Тоқта Дүйсенбай сен маған өте ауыр сөз айттың ғой. Бір ит үшін өкпелеспейік бердім Ұшарды, - деп шылбырға байлап беріп жібереді. Содан бір айдай уақыт өтеді. Бір күні таң мезгілінде есікті тырмалап-қыңсылағандай болады. Әкей оянып кетіп, ақырындап барып есікті ашады. Ұшар үйге кіріп екі аяғымен әкейдің мойнына асылады. Қыңсылап тұрып алады. Әкейдің де көзінен жас шығып кетеді. Біреу келді ме деп шешей де оянып кетеді. Құшақтасып тұрған екеуін көріп:

- О, тоба мынау Ұшар ма? Мұрсеке мына Ұшар сенсіз тұрмайды ғой дейді.

Ертесін Дүйсенбай Ұшарды қуып іздеп келіп, алып кетеді. Ұшар екінші рет қашып келеді. Дүйсенбай тағы қуып келіп алып кетеді. Үшінші рет қашып келеді, Дүйсенбай тағы да іздеп келеді. Әкей бұл жолы Ұшардың мойнына Дүйсенбайдың шылбырын байлайды да, шешейге дауыстап қол басындай құйрықтың майын әкелші дейді. Шешей әкеп береді. Әкей майды Ұшардың аузына тығады да,

- Ұшарым қош бол, енді келме бара ғой деп, Ұшардың басын сипап құшақтайды. Ұшар бірденені түсінгендей әкейдің бетіне жалт қарайды. Әкей Ұшардың көзінде жас тұрған сықылды көреді. Сол кеткеннен Ұшар қайтып келмейді. Қыс өтіп, көктем айы болса керек. Бір күні үйге Дүйсенбай досы келеді. Әкей аттың жан-жағына қарай береді, Ұшар еріп келмеді ме деп. Ұшар көрінбейді. Үйге кіріп жайғасып амандық-саулық сұрасқан соң, Дүйсенбай:

- Мұрсеке Ұшардан айырылып қалдым, әкей түсінбей:

- Айырылсаң ол осында қашып келетін еді ғой.

- Жоқ Мұрсеке Ұшар өліп қалды.

- Не жағдай болды Дүйсенбай? Ұшар қартайған жоқ, әлі жас ит қой. Дүйсенбай болған жағдайды айтып береді. Сенен ақырғы рет Ұшарды алып кеттім ғой, сол бір-екі айда Ұшармен аңға жиі шықтым, қанжығам бос қайқан жоқ еді. Күніне 2-3 түлкіден әкеп жүрдім. Қоян өз алдына, бір ауылды асырады ғой. Ауылдастар күнде біздің үйде дәм татын еді. Бастарына бір-бір тымақ, ішік те кигендері бар. Ауылдың бәрі Ұшарға риза еді. Наурыз айының бас кезінде таңертең далаға шықсам, үйшігінде ит көрінбейді. Ұшар, Ұшар деп шақырсам дыбыс бермейді. Апырау, бұл қайда кетті, әлде үйренген жеріне қашып кетті ме? Жоқ кейінгі кезде үйренген сияқты. Қашпайтын болған еді. Енді қайда кетті? Содан таңғы асымды ішіп, атымды ерттеп, Ұшарды іздеуге шықтым. Ауылдан 2-3 шақырымдай жерде қалың қараған болатын. Соның ішін асықпай сүзіп келе жатсам, бір қарағанның түбінде өліп жатқан Ұшардың үстінен түстім. Ұшарды алдыма өңгеріп ауылға алып келдім. Мені көрген көршілер жиналып қалды. Мынау Ұшар ғой, бұған не болды? Өліп қалған ба? Кеше ғана 2 қоян, 2 түлкі әкелген жоқ па еді? Дүйсеке не болды енді? Барлығы Ұшарға қимастықпен жәутеңдеп, қарай берді. Үйден күрегімді алдым да, ауылдан 1-2 шақырым ұзап шығып, жер қазып Ұшарды көміп тастадым. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді деуші еді, сол рас екен. Ит адамның досы, жеті қазынаның бірі емес пе? Ұшарым өте жүйрік, ақылды. Бірдеме айтсаң түсінгендей болатын.

Әкей қалың ойға батып, әттеген-ай, егер Ұшарды бермесем, тірі болар ма еді, деп өкінген. Осымен оқиға аяқталды.

Рамазан МҰРСАЛОВ,
Кеншоқы ауылының тумасы.